

Орал қаласында спирт зауытын салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 16 қараша 1994 ж. N 1294

"Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасының кепілдігіне берілетін шет ел кредиттерін тарту, пайдалану және есепке алу жөніндегі жұмыстарды үйимдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1607 K941607_ қаулысына сәйкес және Шет елдік кредиттер жөніндегі комиссияның 1994 жылғы 18 мамырдағы шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Орал қаласындағы спирт зауытының құрылышына арналған "Батыс" мемлекеттік акционерлік қоғамы мен Францияның "Срейшм" фирмасы арасындағы жалпы сомасы 13 млн. АҚШ долларына жасалған контракт мақұлдансын.
2. Жобаны қаржыландыру Францияның Қазақстан Республикасына берген кредиттік жүйесі шегінде жүргізілсін.
3. "Батыс" мемлекеттік акционерлік қоғамы заем беруші ретінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне кепілдіктер берсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған жобаға

Қазақстан Республикасының кепілдігін беретін болсын.

4. Қазақстан Эксимбанкі осы жоба бойынша француз банкімен жеке кредиттік келісім жасасын.

5. "Батыс" мемлекеттік акционерлік қоғамы Қазақстан Эксимбанкімен жеке кредиттік келісім жасасын.

6. "Батыс" мемлекеттік акционерлік қоғамы аванстық төлемді, кредиттер мен олар бойынша проценттер өтеуді, сондай-ақ кредитпен қоса жасалатын барлық төлемдерді дербес жүргізеді деп белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі аталған жобаның іске асырылуына және кредиттің өтелуіне бақылау жасайтын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК